

## Қостанай облысы Рудный қаласының, Қостанай және Таран аудандарының шекараларын (шегін) өзгерту туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы № 8 және Қостанай облысы мәслихатының 2016 жылғы 8 желтоқсандағы № 94 бірлескен қаулысы мен шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 18 қаңтарда № 6803 болып тіркелді

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 9 қарашадағы № 683 "Қостанай облысының Рудный қаласы, Қостанай және Таран аудандарының шекараларын (шегін) өзгерту туралы" қаулысының негізінде Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы бірлескен қаулы және шешімнің қосымшасына сәйкес облыстық маңызы бар Рудный қаласының шекарасына (шегіне) Қостанай және Таран аудандары жерлерінің жалпы алаңы 5288 гектар бөлігін қосу жолымен Қостанай облысы Рудный қаласының, Қостанай және Таран аудандарының шекаралары (шегі) өзгертілсін.

2. Осы бірлескен қаулы және шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік оң күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

А. Мұхамбетов

Қостанай облыстық мәслихаты

сессиясының төрайымы

Г. Капенова

Қостанай облыстық

мәслихатының хатшысы

С. Ещанов

### КЕЛІСІЛДІ

"Қостанай облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" ММ басшысы

\_\_\_\_\_ Н. Әбдуов

"Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" ММ басшысы

\_\_\_\_\_ Б. Мурзин

"Қостанай облысы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы басқармасы ММ басшысы

\_\_\_\_\_ А. Бекенов

## Рудный қаласының шекарасына (шегіне) қосылатын Қостанай облысының Қостанай және Таран аудандары жерлері бөлігінің экспликациясы

Аудандардың атауы	Рудный қаласының шекарасына (шегіне) қосылатын жерлердің алаңы (гектар)	Соның ішінде:			
		Елді мекендердің жерлері (гектар)	Ауыл шаруашылығы мақсатына арналған жерлер (гектар)	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер (гектар)	Босалқы жерлер (гектар)
1	2	3	4	5	6
Қостанай	4746,0	648	2323	0	1775
Таран	542,0	0	403	36	103
Жерлердің жиыны:	5288,0	648	2726	36	1878